



ҚҰРБАНҒАЛИ ХАЛИДИ

Шығыстың бес тарихы

Қазақ тарихына қатысты аса құнды жәдігердің бірі – Құрбанғали Халидидің «Тарих-и жариди-и жадида» – «Жаңа тарих жазбалары» (1889) және «Тауарих-и хамса-и шарқи» – «Шығыстың бес тарихы» (1910) атты еңбектері болып табылады. Бұл екі кітап та кезінде Қазандағы «Өрнек» баспасынан жарық көрді. Тарихшы екі шығармасын да өз заманының талабына сәйкес ісі түрік қауымының зиялылары мен оқымыстылары орнықтыруға ұмтылған шағатай жазба мұраларын негізге ала отырып «ортақ тілде» жазды, яғни, түрік, татар, өзбек, ұйғыр, қазақ, қырғыз, қырымшақ тілдерінің кітаби үлгісін араластыра пайдаланып, араб пен парсы тілдерінің ғылыми терминдерін барынша еркін қолданды. Жалпы, ғылыми ортада қалыптаса қоймаған аралас тілде жазылған жәдігерлер де, ол мәнерді ұстанушылар да санаулы ғана. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Шағабуддин Маржани, Каюм Насыри, Исмайыл Гаспаралы, Заки Уәлиди Тоған, Мұстафа Шоқай сияқты ғұламалар мен оқымысты қайраткерлердің сыбағасына бұйырған бұл үлгіні игеру де оңайға соқпайтын. Ол үшін үлкен тілдік орта, ғылыми мектеп, ілім сабақтастығы қажет еді. Соның ішінде жадидтік-ислами терминдерге басымдық берген «Тауарих-и хамса» жазбасы да қалың жұртшылыққа кеңінен таралмады, арнайы дайындығы бар, жоғарыда аталған тілдерді жетік меңгерген оқымыстылардың назарына ғана ілікті, соның өзінде, өкінішке орай, көпшіліктің ықыласын аударарлықтай деңгейде ғылыми айналымға түспей келді.

Құрбанғали Халидидің өзінің жазуынша, арғы аталары ноғай екен, ата мекені Қазан уезіне қарасты Урнаш-башы деген қыстақ. «Ресейге бодан боп кірген соң «дін қарындасқа қауіп төнеді» деген қатерден сескеніп, әуелгіде Ташкент шаһарына орнығады, саудамен айналысып, бақуатты деңгейге көтеріледі. Алайда хан тағына таласқан үздіксіз соғыстың зардабын шегіп, өлім қаупі төнген кезде, «Абылай заманынан кейін, Әбілфайыздың тұсына таман қазақ даласына қоныс аударып, Аягөзге тұрақтайды. Құрбанғали сол Аягөзде 1846 жылы қараша айында дүниеге келеді. Ферғана қолтығындағы Қокан, Ташкент, Бұқар хандықтарының аласапыран тарихын көзімен көрген Халид қария, ол тарихты баласына жүйелі түрде әңгімелеп беріп отырыпты. Алғашында Аягөздегі қызылжарлық көпес Мұртаза Мақсұтов салдырған медреседе, кейін Семей медреселерінің бірінде оқиды. Қазақ арасын жиі аралап, шежірелерді жинайды. Бақты бекеті ашылған соң

сонда қоныс аударады, 1874 жылы Шәуешек қаласындағы мешітке имам болады, 1881 жылдан бастап 1913 жылы дүниеден қайтқанша мұсылман қауымының қазіи (би, сот) міндетін қоса атқарады.

Құрбанғали Халиди шариғи ілімді де, сонымен қатар түркі тілдерінің денін еркін меңгереді. Орысша да хат таниды. «Шура» журналының редакторы белгілі қайраткер Ризаддин Фахреддиновпен хат алысып, кітап алдыртып тұрады. Тарихқа деген ықыласы бұрынғыдан да тереңдеп, Шығыс Түркістанның алты қаласын аралап шығады, дерек жинайды. «Жаңа тарих жазбалары» сондай саяхаттан туған еңбек. 1897-1898 жылдары Меккеге қажылыққа барады, қайтар жолында Станболға ұзақ аялдап, түріктің сол кездегі машһүр тарихшысы Ахмед Мехметпен кездесіп, ғылыми көзқарасын түбегейлі қалыптастырады. Ақыры 1909 жылы «Тауарих-и хамса-и шаркиды» жазып бітіріп, Қазан қаласындағы «Өрнек» баспасынан кітап етіп шығарды. «Шығыстың бес елінің тарихы» деуінің мағынасын: «Хамса» (Бестаған) мен «Таттима» (Түсіндірме) бір кітаптың мазмұнын құрайды, «Хамсада» негізгі бес тектің (қазақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр, төре) тарихы жинақтала қамтылады, ал «Таттимада» 1300 (1882-1883) жылға дейін салынған кейбір қалалардың тарихы мен кітап жазылып біткенге дейінгі аралықтағы оқиғалар баяндалады, сөйтіп, біз кітапты екі бөлімге, «Такмилияны» (Қосымшаны) қосқанда үш бөлімге бөлдік. Кім қандай да бір оқиғаның негізін іздесе, оны «Хамсадан» табады, ал жекелеген не қосымша деректерді іздесе, оны «Таттимадан» қарасын, ал кімге жинақталған мағлұмат қажет болса, оны «Такмилиядан» іздесін. «Такмилияда» шығыс халықтарының тарихы түбегейлі баяндалғандықтан да, «Хамса» сөзіне «шаркиды» (шығысты) қостық, сөйтіп кітаптың аты «Хамса-и шарқ-и» деп аталды», – деп түсініктеме береді.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында шығыстанушы Жамал Кармышева көне тілдің қормалы, Құрбанғали Халидимен жақсы таныс, ол ұстаған мешітте уағыз тыңдаған әрі туған құдасы Мұхамеджан Юсупов қарияның көмегіне сүйеніп, «Тауарих-и хамса-и шаркидың» жалпы мазмұнымен мұқият танысып шығып, «Қазақстандық тарихшы-өлкетанушы және этнограф Құрбанғали Халиди»¹ атты көлемді мақала жазды. Әдебиеттанушы Бүркіт Ысқақов та марқұмның Аягөздегі ұрпақтарымен кездесіп, «Тауарих-и хамсаның» Қазан басылымын Орталық ғылыми кітапхананың қорына өткізді. Аталған адамдардың ықтияттылығының және ұрпақтарының ықыласының нәтижесінде тарихшының қолжазбалары да осы кітапхананың мұрағатына жинақталды.

Бұл еңбекті ғалымдар Б.Төтенаев пен А.Жолдасов аударып, 1992 жылы «Тауарих хамса: (Бес тарих)»² деген атпен «Қазақстан» баспасынан шығарды. Сондай-ақ шығыстүркістандық Хафиз Саттар Салих пен Қызыркелді Әбдірахманұлы «Тауарих хамса: бес тарих»³ деген атпен 2014 жылы Бейжің қаласындағы «Ұлттар баспасынан» жеке кітап етіп жариялады. Сонымен қатар кей үзінділері мен қысқартылған мәтіндері әр түрлі жинақтарға кірді.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы мен Ұлттық академиялық кітапхананың сирек қоры бөлімі бірлесе отырып жүзеге асырған бұл Жоба – тарихшының қолжазбамәтінінің барынша дұрыс оқылуын қамтамасыз ету мақсатында қолға алынды. Орталық ғылыми кітапханадағы Құрбанғали Халидидің қолжазбаларымен Қазан басылымының мәтіндерін салыстырып көргенде, біраз тұстардың қысқартылып кеткені аңғарылды. Ал жоғарыда аталып өткен аударма басылымдардың ғылыми ықтияттылықпен тәржімаланғанына қарамастан, араб, парсы, шағатай тілдеріндегі сирек терминдер мен ұғымдардың, адам мен жер аттарының жаңсақ оқылған жерлері, мазмұндалып аударылған, не мүлдем қалып кеткен тұстары, сол замандағы идеологиялық қысымға байланысты ислами пайымдаулардың дені қысқартылып кеткені байқалды.

Сондай олқылықтарды толтыру мақсатында араб, парсы, шағатай, түрік, өзбек, татар, ұйғыр, қазақ тілдерінің маман ғалымдарына қолжазбаның көшірмесі мен Қазан және Алматы басылымдары ұсынылып, олардың пікірлері Орталықтың ғылыми кеңесінде

талқыланды. Ортақ мәміле жасалып: Құрбанғали Халидидің бұл екі кітабінің де ғылыми маңызы ерекше. Онда Қазақстан мен Орталық және Орта Азия ұлттарының ортақ тарихы бір-бірімен байланыстыра баяндалған, тарихи-шежірелік сыпаты ерекше, мұнда жалпы түркі тектес ұлттардың этнографиясы, саясижағырапиялық кеңістігі, ел-жер атаулары барынша ғылыми бірлікте қарастырылған. Сондай-ақ, қолжазба мәтінінен аталған ұлттардың әдеби тілінің қалыптасу үрдісі барынша қанық аңғарылады. Сондықтан да автордың қолжазбасы мен кітаби басылымдарды салыстыра отырып аудару қажет – деген тоқтам жасалды.

Жазуының танылуы мен оқылуының қиындығы, тілінің күрделілігі, ескірген ұғымдар мен терминдердің жиілігі, тыныс белгілері қойылмағандықтан да пайымдаулар мен мәтін ырғағының тұтасып кетуі, сөйлем мен сөйлемнің аражігінің ашылмауы, қолжазба беттерінің ауысып беттелуі, кей тараулардың бірнеше көшірмелерінің кездесуі сияқты қиындықтардан арылу мақсатында ғылыми тәржімалау жұмысы мынадай тәртіппен атқарылды. Әуелі Қ.Халидидің қолжазбасы тұтастай реттеліп, беттелді. Қайталанатын көшірмелер бөлек қатталды. Қолжазба мәтіні – Қазан, Алматы басылымдарының мәтіндерімен абзац-абзац бойынша салыстырылды. Айырмашылықтар мен түзетулер, автордың өзі, не аудармашылар тарапынан жасалған қысқартулар ажыратылды. Содан кейін қолжазба мен Қазан басылымының көшірмесі жарыстырыла берілді, қайырма бетке қолжазбаның транскрипциясы крилл қарпіне түсіріліп, қазақша аудармасымен қатарластырыла ұсынылды. Төрт түрлі мәтінді жарыстыра беруіміздің себебі, осы еңбекке назар салған мамандар мен ғалымдар – мәтіні және грамматикалық құрылымы аса күрделі еңбектің төрт нұсқасын салыстыра қарастырып, ғылыми пікір топшылауларына дәйек іздеуге септігі тисін деген ізгі тілектен туды.

Жоба деңгейіндегі алғашқы сынақ басылымы болғандықтан да, ұсынылып отырған еңбектің бойында өзіміз де аңғарған әттегенайлардың бар екенін, ондай кілтипандардың қазірдің өзінде қырнанып, қайта сүзгіден өтіп жатқанын ескертеміз. Алдағы уақытта жоспарланып отырған толық басылымда автордың өмірбаяны, ғылыми көзқарастары, еңбектің ғылыми кеңістіктен алатын орыны, ғылыми түсініктер мен сілтемелер, жер-су, адам аттарының көрсеткіштері талапқа сай жүзеге асатынын қаперлеріңізге іле кетеміз.

Қолжазбаны баспаға дайындау барысында ерекше ықыласпен кеңес берген, үнемі көзқарасты болып отырған шағатай тілінің маманы Мақсұт Шафиғиға, тарих ғылымының докторы, профессор, шағатай, ұйғыр, қытай тілінің маманы Тұрсынхан Зәкенұлы Қайыркенге, «Алтынорда» дәуірінің маманы, тарихшы, профессор Амантай Исинге, түріктанушы, филология ғылымының докторы Қаржаубай Сартқожаұлына, сондай-ақ Құрбанғали Халидидің шәкірті әрі туған құдасы, осында беріліп отырған суреттерді түсірген зиялы қария марқұм Мұхамеджан Юсуповтың (бұл дегдар оқымыстыдан осыдан тура қырық жыл бұрын бата алып, әңгімесін тыңдап, кейін күнделіктерін жариялап едік, ал естелік қатиралары мен суреттері толық басылымда берілетін болады) қызы Никар ханым Бафинаға, Құрбанғали Халидидің – Алматыдағы, Аягөздегі, Бішкектегі, Ташкенттегі, Татарстандағы үрім-бұтақтарына ілтипатты ықыласымызды білдіреміз. Орталық ғылыми кітапхана мен Ұлттық академиялық кітапхананың ұжымына аударма барысында көрсеткен риясыз қызметі мен қолжетімді көмегі үшін рахмет айтамыз.

Жоба жетекшісі ретінде: аса күрделі де тауқыметті жұмысты – аударманы жүзеге асырған араб, парсы, түрік тілінің мамандары, шығыстанушылар – Бауыржан Мұстафаев пен Шыңғыс Бегімтаевқа игі істерінің қызығын жалғасты көрсін – деген тілек білдіремін.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ
филология ғылымдарының докторы, профессор